

**Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді)
мемлекеттік сатып алулар туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 мамыр N 586. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.02.25. N 141 қаулысымен. ~P980141

Республикалық бюджет қаржылары есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында республикалық бюджет қаржылары есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар жүйесі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Аталған Ереже 1996 жылдың 15 мамырынан бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі бір ай мерзім ішінде аймақтардың сұранымдарын қамтамасыз ету үшін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастырудың тәртібі туралы үлгілік ережені дайындасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің б е к і т у і н е е н г і з с і н .

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі тауарларды

(жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар жөнінде оған белгіленген тәртіп бойынша сарапшылар тарту құқығын бере отырып, конкурстық комиссия туралы ережені бекітсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 13 мамырдағы

N 586 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасында республикалық бюджет қаржылары есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар жүйесі туралы

ЕРЕЖЕ

Осы Ереже республикалық бюджет қаржылары есебінен жүзеге асырылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды жүргізудің тәртіптері мен шарттарын белгілейді.

I . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Мемлекеттік сатып алулар мемлекеттік тапсырыс берушілер атынан мемлекеттің өзіне қажетті тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өнім берушілерден контракт негізінде сатып алу нысаны болып табылады.

2. Мемлекеттік сатып алулар келісілген мерзімде талап ететін сапада ең төменгі баға бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алуға мүмкіндік беретін конкурстық негізде жүзеге асырылады және:

мемлекеттік және республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруға;

Қазақстан Республикасы қатысатын мемлекетаралық мақсатты бағдарламаларды іске асыруға;

республиканың қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін, құқықтық тәртіптің қамтамасыз етілуін қажетті деңгейде ұстауға;

мемлекеттік өкімет, сот және прокуратура, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, дене шынықтыру, ғылым, геология, геодезия және картография, гидрометеорология, жерге орналастыру органдарының қызметін және басқа да республикалық маңызы бар салалардың қызметін қамтамасыз етуге;

республикалық маңызы бар коммуникациялар мен байланыс жүйелерін ұстауға;

мемлекеттік және жұмылдырушы резервтер мен табиғи апаттардың және төтенше жағдайлардың зардаптарын жою резервтер мен табиғи апаттардың және төтенше жағдайлардың зардаптарын жою резервтерін құруға және ұстауға қызмет етеді.

3. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және республикалық бюджет қаржылары есебінен қаржыландырылатын өзге де ұйымдар мемлекеттік тапсырыс берушілер болып табылады.

4. Мемлекеттік тапсырыс берушілердің өнімдерді сатып алу жөніндегі өздерінің өкілеттігін еншілес тапсырыс берушілерге беруге құқы бар, оларды өздерінің функционалды және құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы жеке заңдық тұлғалары атқара алады.

5. Мемлекеттік сатып алулар бойынша берілетін өнімдер мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға, мемлекеттік тапсырыс берушілер қоятын басқа да талаптар мен айрықша шарттарға сәйкес келуге тиіс.

6. Өнім берушілер мемлекеттік сатып алулар бойынша контрактыларды орындау үшін оларға қажетті материалдық-техникалық ресурстарды өз бетінше с а т ы п а л а д ы .

2. Мемлекеттік сатып алуларды қалыптастыру

7. Мемлекеттік тапсырыс берушілер тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алудың құрылымы мен көлемдерін алдын ала қалыптастыруды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген үлгі бойынша осы мақсатқа арналған бюджеттік тапсырыстардың жобаларын белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен экономика министрлігіне ұсынады.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі мемлекеттік тапсырыс берушілер берген бюджеттік тапсырыстар негізінде және әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамдары мен республикалық бюджет тұрғысынан келіп, аталған тапсырыстардың тиісті бағыттар бойынша бюджеттік сомалар жобасымен үйлесімді болуын жүзеге а с ы р а д ы .

9. Республикалық бюджет бекітілгеннен кейін мемлекеттік тапсырыс берушілер бөлінген қаржы қаражаттарына сәйкес мемлекеттік сатып алулардың құрылымы мен көлемдерін түпкілікті қалыптастыруды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік сатып алуларды орналастыру тәртібі

10. Жалпы мақсаттағы өнімдер тізбесіне енген, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі бекіткен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің конкурстық комиссиясы ұйымдастыратын бәсекелестік рәсімдерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

Жалпы мақсаттағы өнімдер тізбесіне көтерме сатып алуларды жүргізу және сатып алынатын техникалық жабдықтардың жүйеге келуі мен сыйымдылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік тапсырыс берушілер көп мөлшерде сатып алатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) енгізіледі.

Қазақстан Республикасы экономика министрлігінің конкурстық комиссиясы мемлекеттік сатып алулар өткізуге ниеттенетіні туралы хабарлайды, тапсырыстың талабы мен шартын қалыптастырады, олар бұқаралық ақпарат

ж ү р г і з і л у і

м ү м к і н .

19. Мемлекеттік тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында туындалған дауларды шешу қолданыстағы заңдармен реттеледі.

20. Қорғанысты, қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылды қамтамасыз ету мақсаты мен мемлекеттік және жұмылдырушы резервтер құру үшін сатып алуларды орналастыру кезінде мемлекеттік тапсырыс берушілер Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің келісімі бойынша бәсекелестікті қоса алғанда арнаулы рәсімдерді қ о л д а н а д ы .

4. Мемлекеттік сатып алуларды қаржыландыру

21. Мемлекеттік сатып алуларды қаржыландыруды бюджеттік қаржыларды мақсатты пайдалану жөніндегі қаржы жоспарына сәйкес мемлекеттік тапсырыс б е р у ш і жү з е г е а с ы р а д ы .

22. Мемлекеттік сатып алуларды қаржыландыру көздеріне сонымен қатар бюджеттен тыс қорлардың қаржылары, сондай-ақ шетелдікті қоса алғанда, мақсатты мемлекеттік займдар мен кредиттер жатады.

23. Тапсырыстарды мемлекеттік қаржыландыру мен төлеуді мемлекеттік сатып алулар жөніндегі контрактыларды көрсетілген мерзімдегі тапсырыстар негізінде мемлекеттік тапсырыс берушілерге Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ресурстарын бөлу арқылы қарастырады. Қаржыландыру қазыналық вексельдермен де жүзеге асырылуы мүмкін.

24. Контрактыны орындау шарттарына байланысты өнімдерге, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдеріне төлеу, кезең-кезеңмен немесе аванстық төлем түрінде ж ү р г і з і л у і м ү м к і н .

25. Мемлекеттік сатып алулар ең төменгі конкурстық бағадан аспайтын контрактылық баға бойынша жүзеге асырылады. Ең төменгі конкурстық бағалар принципі тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) барлық түрлеріне арналған тапсырысты орналастыру үшін қолданылады.

26. Өнім беруші-монополистермен контрактылар жасаған кезде контрактылық бағаны айқындау қолданыстағы монополияға қарсы заңдарға сәйкес өнім берушімен келісілген кіріс нормасы ескеріле отырып жүзеге а с ы р ы л а д ы .

27. Мемлекеттік сатып алуларға арналған республикалық бюджетте көзделген қаржы ресурстарын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жасалған контрактыларға сәйкес толық көлемде қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК